



# Жастар коррупциясыз қоғамды қалайды

Біз Қозғалыстың 11 жылдық тарихында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске үлес қосуға дайын әрбір адамның күш-жігерін біріктірумен айналысып, осы үдерісте мемлекеттік органдарға әділетті сын айта отырып, олармен сындарлы ынтымақтастыққа апарған жолдан өттік.

Заңнамалық базаға ұсыныстар енгізілді, Ұлттық баяндамаға ескертпелер айтылды, мемлекеттік органдар қызметінің түрлі аспектілері және мемлекеттік бағдарламалар бойынша талдаулар жүргізілді, тағы басқа да мыңдаған түрлі іс-шаралар өткізілді. Халықаралық ұйымдардың сарапшыларымен ұдайы пікір алмасып отырдық, өз газетіміз бен zhanaru.kz сайтында, әлеуметтік желілердегі парақшаларымызда, басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында, яғни мас-медиада тиісті жарияланымдар шығарылды.

Мәселенің мән-жайына тереңірек үңілген сайын халықтың әртүрлі топтарымен, әсіресе жастармен тәрбиелік, түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет деген қорытындымыздың дұрыс екендігіне көзіміз жете түсті. Міне, осы түсіністік соңғы үш жылда біздің қызметіміздің өскелең ұрпақпен жұмыс істеуге бағытталған іс-шараларымызға негіз болды.

Сондықтан біз «Жастардың құқықтық сауаттылығын және құқық қорғау органдарына сенім деңгейін арттыру іс-шаралар кешенін өткізу» ағаулы Әлеуметтік Жобаны жүзеге асырумен белсенді түрде айналыстық.

Сыбайлас жемқорлық жастардың армандары мен мақсаттарын түншықтырады, олардың сапалы білім алуына, таңдаған жұмысына орналасуына, азаматтық белсенділігіне, спорт, денсаулық сақтау және басқа да әлеуметтік салалардың игіліктерін пайдалануына кедергі келтіреді.

Біздің елімізде жастар санатына 35 жасқа дейінгі адамдар кіреді. Бүгінде олардың саны 5,3 миллионнан астам, яғни Қазақстан тұрғындарының төрттен бір бөлігін құрайды.



«Сыбайлас жемқорлық барлық уақытта, әр түрлі арбау кезінде ешбір заңды менсінбеудің түп тамыры».

Томас Гоббс, XVII ғасырдағы ағылшын ғалымы және ойшылы

дары тарапынан қауіп жоқ екеніне сенеді және оларды өздерінің қорғаушысы екенін сезеді. Бұл үрдісті бекіту үшін оқу орындары мен құқық қорғау органдарының бірігіп жүргізетін насихат жүйесін құру қажет. Құқық қорғау органдарының оң имиджін мақсатты түрде қалыптастыру олардың біріккен ақпараттық саясатының мақсаты болуы керек.

Бүгінгі таңда жастардың сыбайлас жемқорлықпен күресуге бағытталған түрлі іс-шараларға қатыстырудың көптеген жолдары бар. Солардың бірі, білім беру ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған түрлі шаралар өткізу болып табылады. Атап айтсақ, кездесулер, пікір таластар, дәрістер, дөңгелек үстелдер, конференциялар, вебинарлар ұйымдастыру арқылы оқушылар мен студенттерге құқықтық тәрбие бере отырып адал азаматтық ұстаным мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға болатынына біз тәжірибе арқылы көз жеткіздік. Сондықтан, бұл әдістерді ұлқыздар арасында жастайынан коррупцияға теріс көзқарас тудыратын тәрбие құралдары деп есептейміз.

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне қарсылық пен теріс көзқарасты қалыптастыру үшін әртүрлі ықпал ету нысандары, атап айтқанда флешмобтар, жеке акциялар, студенттік және университеттік баспасөз, интернет-ресурстар арқылы жастардың ортасына әсер ету қажет. Жас ұрпақтың көпшілігі ақпаратты, соңғы жаңалықтарды әлеуметтік желілер мен түрлі интернет сайттарынан алады. Сондықтан әртүрлі интернет-ресурстардағы сыбайлас жемқорлық тақырыбы өзекті болып қала береді. Бұл мәселелерді талқылау үшін Tik-Tok, Facebook, X және Instagram сияқты танымал әлеуметтік желілерді пайдалана беруіміз керек. Өйткені, интернетте жарияланған ақпарат назардан тыс қалмайды.

Жастар өздерін толғандыратын мәселелер туралы айта алатын, өзара тәжірибе алмаса алатын, сосын басқалардың пікіріне өз ойын айта алатын онлайн қоғамдастықтарды құру қажет. Бұл жастардың

Сыбайлас жемқорлық жүйесіне кіріп кеткен жастарда бар, бірақ адалдыққа негізделген болашақ үшін күрес алатын жастарымыздың саны басым. Жастардың бүгінде жауапкершілігі жоғары және сыбайлас жемқорлықпен күреске белсене атсалысуда. Биылдың өзінде біз өткізген жүзден астам іс-шараға 5 жарым мыңнан астам жас жігіттер мен қыздар қатысты.

Жастар арасында әділдік пен адалдық мәдениетін тиімді қалыптастыру үшін білім беру басты фактор екендігі туралы түсінік қоғамда қалыптасқан. Отбасы, мектеп, жоғары және басқа да оқу ұйымдары адалдық пен жауапкершілік құндылықтары жастайынан үйретеді. Әлеуметтік ортада адалдық пен этикалық мінез-құлықты насихаттау және қоғамдастық деңгейінде ұсақ жемқорлықпен күресу арқылы жастар оң өзгерістердің күшіне айналады. Бұл ретте, дәстүрлі ұлттық құндылықтарымызға арқа сүйеу маңызды.

Жас көшбасшылар реформаларды ілгерілетуге және сыбайлас жемқорлық аластатылған институттарды құруға белсене қатысады. Сонымен қатар, олар сыбайлас жемқорлықпен күресудің инновациялық шешімдерін әзірлей алады, өйткені техниканы меңгерген жастар ашықтықты қамтамасыз ету, ақпаратқа қолжетімділікті арттыру және сыбайлас жемқорлықпен күресуде тиімділігі дәлелденген құралдарды жасау үшін блокчейн, ЖИ, онлайн платформалар, әлеуметтік медиа және инновациялық қолданба-

лар сияқты технологияларды пайдалана алады.

Біз жастардың пікірлерін тыңдап отыруымыз керек, өйткені олардың идеялары адалдықты қалыптастырудың кілті бола алады. Сыбайлас жемқорлықпен күрестің тең мүмкіндіктерге ие болатын әділетті қоғамға әкелетін жас ұрпақ түсінеді. Бұл түсінік мемлекеттік институттарға деген сенімді арттырады және оларды «Әділетті Қазақстанды» құруға үлес қосуға шабыттандырады. Жастардың сыбайлас жемқорлықтан азат болашаққа деген айқын көзқарасы мен жаңашыл идеялары бар. Біз оларға мүмкіндік беріп, олардың ойларын тыңдап, күреске тартуымыз керек. Жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарға белсенді қатысуға тарту арқылы, олар арқылы коррупциясыз болашаққа негіз саламыз.

Біз 2024 жылдың қараша айында жастардың құқық қорғау органдары туралы қоғамдық пікірін зерттеу мақсатында сауалнама жүргіздік. Материалдарды zhanaru.kz сайтына орналастырдық. Зерттеу нәтижелерін талдау 2022 жылмен салыстырғанда бірқатар оң үрдістерді анықтады. Жастардың арасында қоғамның қауіпсіздігіне жауапкершілікпен және кәсібилікпен қарайтын, жақсы техникалық және жауынгерлік құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген, қызметтері ашық та айқын құқық қорғау органдарының оң имиджі қалыптасқанын бұл талдаулар көрсетті. Респонденттердің басым көпшілігі құқық қорғау орган-

ақпарат алмасуына мүмкіндік беріп қана қоймай, басқа адамдарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға тартады. Өкініштісі, әлеуметтік желілерге жүргізілген талдауымыз жастар арасында танымал ресурстарда құқық қорғау органдарының қызметіне қатысты жағымсыз ақпараттардың басым екенін көрсетті. Біз жасаған бейнероликтер, Reels, қаһармандармен кездесулер және басқа да формалар полицияның және басқа да құқық қорғау органдарының жастар алдындағы имиджін жақсартуға ықпал етті деп пайымдаймыз. Сондықтан, кинематографистерге шынайы оқиғаларға негізделген, басты кейіпкер форма киген тұлға болатын кітаптар жазуға, кинолар мен мультфильмдер түсіруге, спектакльдер қоюға мемлекеттік деңгейде тапсырыс берілетін кез келді деп ойлаймыз. Бұл ретте, халықаралық тәжірибені айта кетсек, мысалы, Гонконгте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуелсіз комиссияның нақты істеріне негізделген телехикаялар 48 жыл бойы түсіріліп келеді екен.

Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыруда біз өз жұмысымызды мемлекеттік органдармен, белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлерімен, қоғамдық ұйымдармен, оқу орындарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесіп жасаймыз. Күштерді біріктіріп, бірлескен әрекеттердің шоғырланған энергиясын бағыттау арқылы

ғана сыбайлас жемқорлықпен күресте табыс туралы айтуға болады. Бұл ретте өскелең ұрпақтың бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетаным мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру маңызды элемент болып табылады.

2024 жылғы 9 желтоқсанда, Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні Біріккен Ұлттар Ұйымының бір жылға созылатын коррупцияға қарсы науқаны басталды, ол 2025 жылы Дохада (Қатар) Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына қатысушы мемлекеттер конференциясының он бірінші сессиясында қорытындалады. Бұл науқан коррупциямен күрестегі жастардың рөлі, сыбайлас жемқорлықтың өскелең ұрпаққа тигізетін әсері туралы қоғамды ақпараттандыруға бағытталған. Жас көшбасшылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін белсенді түрде талқылап, тәжірибелерімен бөлісіп, шешу жолдарын ұсынатын болады. Компания өскелең ұрпақтың үнін күшейтуге, олардың үндеулерін тыңдауға, үміттерін ақтауға, тілектерін ескеруге мүмкіндіктер тудырады.

Жас ұрпақтың сыбайлас жемқорлықсыз қоғамда өмір сүруге деген ұмтылысы зор. Біздің міндет жастармен бірге олардың осы арманын орындауға атсалысу!

Мәлс Зайноллаұлы СЕМҒАЛИЕВ,  
«ЖАҢАРУ» РҚБ-нің төрағасы

## Құрметті Оралбай Әбдікәрімұлы!

Сізді асқарлы, мерейлі 80 жасқа толған туған күніңізбен құттықтаймыз! Сіздің өмір жолыңыз – ел мен жерге адал қызмет етудің жарқын үлгісі. Сіз жанқиярлық еңбегіңіз арқылы Отанымыздың дамуына зор үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерісіз. Сіздің әділдігіңіз бен әділеттілігіңіз, табиғат пен адамзатқа бағытталған қамқорлығыңыз адамгершіліктің айнасы. Сіздің ұлы тұлғалық қасиеттеріңіз жастарға әрдайым үлгі болып қала береді!

«ЖАҢАРУ» республикалық қоғамдық бірлестігі



«ЖАҢАРУ»  
Құрметті төрағасы  
Оралбай Әбдікәрімұлымен  
сұхбатты келесі бетте оқи  
аласыздар



## Молодежь – главная опора государства в противодействии коррупции

Стало традицией «ЖАҢАРУ» в конце уходящего года к 9 декабря, международному дню борьбы с коррупцией, подводить итоги своей работы.

Два последних года (2023-2024гг.) мы работали с коллегами из регионов Казахстана по актуальной проблеме повышения правовой грамотности молодежи и уровня доверия к правоохранительным органам.

Опыт этой деятельности общенационального общественного движения против коррупции «ЖАҢАРУ» дает возможность проанализировать ситуацию по указанной тематике и обозначить ряд предложений, необходимых, на наш взгляд, для дальнейшей системной работы.

О проблемах в школьном образовании. Коррупционные правонарушения здесь связаны с отсутствием финансового контроля в сфере. Агентству по противодействию коррупции удалось раскрыть механизмы хищений в среднем образовании. Проблем немало и в дошкольном образовании, где министерство просвещения не решает вопрос лицензирования деятельности дошкольных учреждений. Проведенный анализ региональными филиалами «ЖАҢАРУ» при поддержке областных департаментов Агентства по противодействию коррупции показал проблемы в кадровой политике, раскрыл факты превышения полномочий руководителями организа-



ций образования, отсутствие общественного и родительского контроля.

По итогам мониторинга были выработаны рекомендации, касающиеся, в первую очередь, интеграции информационных систем «Казначейство-клиент» и БВУ с государственной базой данных физических и юридических лиц для исключения необоснованных перечислений денежных средств на собственные карт-счета с указанием ФИО третьих лиц другой организации.

Также высказано предложение о модернизации Национальной образовательной базы данных (НОБД) в части ведения кадрового учета сферы образо-

вания, содержащей информацию о каждом педагоге (приказы о назначении, сведения о передвижении по учреждениям образования, полученных сертификатах, категориях), а также алгоритм автоматического расчета стажа, заработной платы по тарификации.

Требует рассмотрения вопрос создания службы внутреннего аудита в Департаменте по обеспечению качества в сфере образования Комитета Министерства просвещения.

Практически во всех регионах отмечаются факты незаконного сбора средств для различных целей.

Предлагается внести дополнения в приказ

Министерства здравоохранения РК от 5 августа 2021 года N КР ДСМ-76 «Об утверждении правил «Санитарно-эпидемиологические требования к объектам образования» - эксплуатация помещений для пребывания обучающихся и воспитанников не допускается в подвальных и цокольных этажах жилого дома.

24 августа 2024 года была проведена совместно с финансовым департаментом министерства просвещения и участием представителей депутатского корпуса Парламента, основателей портала Учет.кз., Антикора и бухгалтеров школ республики (500-700 чел.) пленарная сессия августовского совещания по укреплению финансово-правовой дисциплины. Основные рекомендации были доведены до участников совещания.

Сегодня уже отсутствует возможность апеллировать к низкой заработной плате и статусу педагога. Но почему тогда остается низким качество школьного образования? И какова роль института репетиторства, ставшего всеобщим? Зачем тогда уроки, сама школа? Репетиторство в наших школах – это не волонтерство педагогов. Родители платят дополнительно. Если учитель не успевае объяснить учебный материал на уроке, значит проблема не в учениках.

В последние годы получили широкое распространение различные олимпиады, конкурсы. Они приняли массовый характер, про-

водятся платно off-line и online. Насколько это помогает качеству обучения никто серьезно не исследовал.

Не только эти вопросы волнуют родителей, значительная часть которых ответственно относится к своим обязанностям. Руководители сферы школьного образования не должны забывать о действующей 30-й статье Конституции страны – гражданам гарантируется бесплатное среднее образование в государственных учебных заведениях. Среднее образование обязательно.

РОО «ЖАҢАРУ» проводит системную, целенаправленную работу в профессиональных и высших учебных заведениях республики на основе Соглашения с Министерством науки и высшего образования. В своем большинстве студенты желают получить качественное образование, а не просто диплом. На встречах, конференциях, круглых столах, беседах, социологических опросах мы видим стремление молодежи понять процессы, происходящие в стране и мире. Выделение в настоящее время сравнительно немалых финансовых средств вузам для научных изысканий также требует контроля их использования. На это «ЖАҢАРУ» постоянно обращает внимание руководителей университетов.

В этой связи хотелось бы обратить внимание на проблемы развития науки в регионах. В этом вопросе важно определить перспек-

тивы регионального научно-технологического развития и места региона в стране и мире. Политическая поддержка акимата в научно-технологическом развитии региона, как стейкхолдера с высоким уровнем важности и влияния чрезвычайно важна. В силах местной власти отстаивать на страновом уровне проекты развития науки в регионе, привлекать инвестиции со стороны бизнеса и крупных предприятий.

Почему до сих пор нам не удается реализовать формулу: акиматы – наука – бизнес? Может потому, что созданные по поручению Главы государства К.К.Токаева научные советы при акиматах еще не набрали силу и скорость? Пока же мы видим, что средства, выделяемые на науку, в первую очередь, небольшие, во-вторых, неэффективно используются. Возникает вопрос, где теряются ресурсы?

РОО «ЖАҢАРУ» руководствуется принципами прозрачности, открытости, прямого диалога в работе с самыми различными слоями молодежи. Мы уверены, что привитие молодежи понимания недопустимости коррупции сыграет свою роль в оздоровлении социально-экономической ситуации в стране.

**Бейбут МАМРАЕВ,**  
Заместитель  
председателя РОО  
«ЖАҢАРУ», доктор  
филологических наук,  
профессор

## Әділетті қоғам қайтсе орнайды?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында адалдықты басты орынға қойған әділ қоғамда жемқорлыққа жол берілмейтінін, әрдайым ел мүддесіне сай шешім қабылданатынын айтқаны белгілі. «Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деген. Ал арлы адам әділетсіздік жасамайды. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды», деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы Президенттік өкілеттігіне кіріскелі бері елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі деп заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін ең алдымен аталған індеттің тамырына балта шабу керек екенін айтып келеді. Кейінгі жылдары бұл бағытта бірқатар маңызды қадам жасалып жатыр. Әсіресе Қаңтар оқиғасынан кейін ел ішіне іріпкі салған жемқорлық жағдайларын түп-тамырымен жоюға, сонымен қатар әлде-



кімдердің қалтасында кеткен заңсыз активтердің мемлекетке қайтарылуына бағытталған ілкімді қадамдар қолға алынды. Соның бірі – Президенттің тапсырмасы бойынша қабылданған 2022–2026 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы. Оның түпкі мақсаты – сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам қалыптастыру.

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімұлының айтуынша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу бірнеше іс-шара, жиналыс өткізумен шешілетін мәселе емес, бұл үшін күндіз-түні тоқтаусыз жүргізілетін жүйелі түрдегі күрес шаралары қажет.

«Қазір ел көлемінде «Таза Қазақстан» акциясы жаппай жүріп жатыр. Оның мақсаты – экологиялық мәдениетті қалыптастыру, көшені, ауланы, қоғамды, табиғатты таза ұстау. Дәл сол секілді енді адамдардың санасында «пара беру арқылы мәселемді шешемін, жемқорлықпен байып кетемін» дейтін кесапат түсініктерден тазаулау қажеттігі туындап тұр. Яғни сыбайлас жемқорлықпен күресте бізге ең алдымен адамдардың сана-сезімін өзгерту керек», дейді ол.

Мемлекет қайраткері көп жылдан бері жемқорлық тақырыбында айтыс өткізуді ұсынып келеді. Алайда әлі күнге бұл ұсыныс мемлекет тарапынан қолдау таба қойған жоқ. Оның айтуынша, парақорлар елдің көзінен жасырылмайы керек, бұл қылмысқа барғандар жөнінде бүкіл ел білгені дұрыс. Сонда заңсыз дүниемүлік пен қаражатты қалтасына басудан тайсалмайтын кейбір «болашақ» парақорлар жұрт алдында «атағы» шығып, қарабет болудан қаймығып, құқық бұзушылыққа бармайтын болады. Ал шын қылмыскерлердің есімдерін елге әйгілеудің тиімді бір жолы – айтыс.

«Жаңару» сыбайлас

жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс басшысы Мәліс Семғалиев елімізде жемқорлыққа қарсы күрес үшін заңнамалық тұрғыда қажетті шаралардың бәрі де жасалып жатқанын, алайда соның орындалуы барысында кездесетін кедергі көп екенін айтады.

«Ештеңе жасалмайды деп ауызды қу шөпшен суртте болмайды. Атқарылып жатқан шаруа аз емес. Мемлекет басшысы бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы бар. Халықаралық конвенцияларға қосылдық. Дегенмен әлі де алда тұрған міндеттер шаш етекпен. Жақын арада Мәжілісте жемқорлыққа қарсы күреске қатысты заң жобасы қаралады. Біз оған өз ұсыныстарымызды бердік», дейді ол.

Оның айтуынша, жаңа заң жобасында сыбайлас жемқорлық бабымен сотталғандардың тізімін жариялау туралы норма енгізілген. Алайда ол жерде тек ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандардың ғана есімдерін жариялау қарастырылған екен.

«Біздің ұсынысымыз – жемқорлық бабымен сотталған барлық адамның есімі халықтың көз алдында

болуға тиіс. Мейлі үлкен некіші қылмыс жасаған болсын, егер парақорлардың аты-жөндері халыққа қолжетімді болса, мұндай «жаза» түрінен болашақ қылмыскерлер қаймығады. Қоғамда құдайдан қорықпаса да, адамның сөзінен қорқатын дәл көп. Бұл соларға жақсы тоқтам болмақ. Біз қазір «Жаңару» ұйымы тарапынан жемқорлықпен сотталғандардың тізімін жасаймыз. Алайда бұл іс тек қоғамдық ұйым емес, мемлекет тарапынан қолға алынғаны жақсы», дейді М.Семғалиев.

Жаңа заң жобасы бойынша мемлекеттік қызметте, сондай-ақ квазимемлекеттік секторда жұмыс істейтін адамдардың кәсіпкерлікпен шұғылдануына рұқсат берілмек екен. Бұл мүлдем жол беруге болмайтын іс екенін айтады ол.

«Біз бұған дейін мұндай жолдан өттік және оның зиянды жақтарын көргенбіз. Мектеп директорлары буфеттеріне «тек менің адамдарымнан азық-түлік аласыңдар» деп талап қойып, лауазымын пайдаланып өз бизнесін жүргізген кездері көп болған. Қолында билігі бар адамдардың бизнеспен қатар шұғылдануына түбегейлі қарсымыз. Одан

да біз мемлекеттік қызметкерлердің жағдайын жасайық. Еңбекақыларын көтерейік. Біз бұл ұсынысымызды да жоғары жаққа айтып келеміз. Қазір пәтер иелері кооперативтері мен меншік иелері бірлестіктері өздері қызмет ететін үйдің халқы алдында есеп бермейді. Тұрғындардан қанша қаражат түсті, олар қандай жұмысқа жұмсалды деген сауалдар төңірегінде есеп беруге тиіс. Осыны заң тұрғысынан реттейтін кез келді», дейді М.Семғалиев.

Мемлекет мүлкі мен халық қазынасына қол салудың соңы заң алдындағы жауапкершілікпен қатар ар алдындағы жазаға алып келетінін өскелең ұрпақ санасына құя берсек, елдің гүлденуі мен түрленуіне тұсау салатын сыбайлас жемқорлық атты індеттен де құтылып, әділ қоғам орнатуға қолымыз жетері айдан анық. Ең бастысы, қолға алған істе табандылықтан таймаған абзал.

**Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,**  
мақала «Егемен  
Қазақстан» сайтынан  
алынды

# Құқықты жастар ел болашағы !

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының қолдауымен «ЖАҢАРУ» РҚБ-нің атқарған «Жастардың құқық сауаттылығы және құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейін арттыру» тақырыбында Әлеуметтік жобасының мақсаты, яғни Еліміздегі жастарымыздың құқыққа қайшы әрекеттер мен әрекетсіздіктерден хабардар болуы, құқықтық қорғалу, құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру және жастар ортасында құқық қорғау органдарының оң имиджін нығайтуға негізделген.

Жастарды құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу олардың қылмысқа ұрынбауына, өздігінен өмірдегі мәселелерді шешуде дұрыс шешім қабылдауына, келеңсіз, жағымсыз жағдайлардан тартынуына қоғамға пайдалы іспен шұғылдануына жәрдемдеседі. Заң дегеніміз қоғамның негізгі тірегі. Қоғам деп отырғанымыз-мына біздер яғни заңдар мен құқығын білмеу тек азаматтардың ғана емес, мемлекет тағдырына да қауіп төндіруі әбден мүмкін.

Өңірлердегі облыстық, аудандық мәслихаттары, ықпалды халықаралық ұйымдардың, мемлекеттік органдардың, көптеген ҰЕҰ мамандарының қатысуымен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. «Генералдар кеңесі» РҚБ-і, ПМ Академиясының, басқа да оқу орындарының ғалым-



дарын, мамандарын, ардагерлерін тарта отырып, құқықтық ағарту дәрістерінің циклі ұйымдастырылды. Жастармен өткізілген іс-шаралар аясында Еліміздің Халық қахармандары Тоқтар Әубәкіров, Қайрат Умбетов «ЖАҢАРУ» РҚБ-інің құрметті төрағасы, мемлекеттік қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімов, мемлекеттік қоғам қайраткері Бейбіт Мамраев және де атақты журналистер, кинематографистер, спорт шеберлері, жазушылар, блогерлер, медиа және танымал тұлғалар, яғни күн тәртібін өзектендіруге ықпал ететін тұлғалар тартылып жұмылдырылды. Әлеуметтік жобаны іске асыру кезінде «ЖАҢАРУ» РҚБ серіктестері 150-ден астам заңды және жеке тұлғалар, оның ішінде БҰҰ ЕҚЫҰ Халықаралық ұйымдары, 6 орталық мемлекеттік органдар мен ұйымдар, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері, облыстардың және Атырау, Тараз, Өскемен, Ақтау, Алматы, Ұлы-

тау, Өскемен қалаларының мәслихаттары, Түркістан, Орал, Ақтөбе, Ұлытау, Қызылорда, Семей, Павлодар, Жетісу, Ақмола, Петропавл, Қостанай және 100 аса білім беру мекемелері жұмылдырылды.

«ЖАҢАРУ» РҚБ «Жас ҚЫРАН» қозғалысының Жастар қанатының бастамасымен жастар мәселелеріне назар аудару және құқықтық насихатты насихаттау мақсатында жастар акциялары, флеш-мобтар ұйымдастырылды. Қозғалыстың ғылыми әлеуеті жастарға құқықтық білім беру, өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру бойынша кемінде 2 әдістемелік құрал дайындауға мүмкіндік беріліп, олармен «ЖАҢАРУ» РҚБ барлық филиалдары, стейкхолдерлер мен жастар ұйымдары, оқу орындары қамтамасыз етілді.

Жоба аясында «ЖАҢАРУ» РҚБ тапсырысы бойынша жастар аудиториясы үшін құқықтық сипаттағы 3 бейнеролик шығарылып «ЖАҢАРУ» сайтында және YouTube желілерінде көрсетілімге шықты. «ЖАҢАРУ» газетінің шығарылымына өңірдегі филиал басшыларының жоба тақырыбы аясында жеке мақалалары жарияланып тақырыптық басылымдар жарияланады. Құқықтық сауаттылық тақырыбын насихаттайтын парақшалар, жастар арасында құқықтық сипаттағы буклеттер, жалпы таралымы 10 мың данадан асатын үлестірме мате-

риалдар дайындалып іс-шаралар барысында таратылды. Әлеуметтік желілер мен ақпараттық агенттіктердегі жастар мен күш құрылымдарының өзара қарым-қатынасын зерттеу және талдау әлеуметтік желілерде зерттелетін мәселелерді нақты қамтуға мүмкіндіктер пайда болды. Жастар ортасында әлеуметтік сауалнама жүргізу жоба тақырыбы бойынша жастар проблемаларының нақты көрінісін және жоба нәтижелілігінің объективті көрсеткіштерін анықтауға көмектесті. Зерттеуді ғалымдар күшімен және «ЖАҢАРУ» РҚБ «Жас ҚЫРАН» қозғалысының белсенді жастар еріктілерінің қатысуымен жүргізілді. Іс-шараларды өткізу кезінде сауалнама парақтары мен сұхбат түрінде кері байланыс орнатылды. Нәтижелі бастамалардың бірі Атырау қаласындағы Халел Досмұхамбетов атындағы университеті және Лияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеттерінің жанынан «ЖАҢАРУ» Сыбайлас жемқорлық зерттеу орталықтары ашылып тұсауы кесілді. Қарағанды Е.А.Бөкетов атындағы университетінің студент жастарымен өте жоғары дәрежеде кездесулер өтті. Дөңгелек үстел іс-шараларының қорытындысы бойынша Мемлекеттік органдардың атына Әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындысы мақсатында мемлекеттік органдар үшін, атап айтсақ, ҚР Президентінің Әкімшілігі, ҚР Парламентінің

Мәжілісі, ҚР Парламентінің Сенаты, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Астана қаласы әкімдігінің білім басқармасына нақты практикалық ұсынымдар әзірленіп хаттар жолданып, ұсынымдарды қолдау жауабы хаттарын алдық.

Жоба барысында жеткен Нысаналы нәтижелер яғни индикаторларды орындау барысына тоқталсақ Әлеуметтік жобаның қорытындысы бойынша өңірлердегі ұйымдастырған іс-шаралар құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жастармен сенімгерлік диалогын жолға қою мақсатында, жастардың құқыққа қайшы әрекеттер мен әрекетсіздіктерден құқықтық қорғалу деңгейін және құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында оң нәтижелерге жеттік. Жастар ортасында құқық қорғау органдарының оң имиджін нығайтуға, құқық қорғау органдарының қызметтеріне қызығушылық сенімін арттыруға ықпал жасалынды.

Жоба барысында 102 іс-шаралар өткізіліп, Жобаға 5523 адам қатысып, 2,5 млн. астам желілерде ақпараттық қамтылды. Көптеген жастар «ЖАҢАРУ» РҚБ жанындағы «Жас Қыран» жастар қанаты өткізетін іс-шараларға жеке қатысып белсенділік танытты.

Өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат әлеуметтік желілерде (Фейсбук, Инстаграм, YouTube, TikTok) және «ЖАҢАРУ» РҚБ сайтында күнбе күн жарияланып отырды.

Халықаралық конференция қорытындысы бойынша «ЖАҢАРУ» РҚБ төрағасы М.З.Семғалиевтің «24 Хабар» телеарнасына сұхбаттары беріліп, «ЖАҢАРУ» РҚБ-нің құрметті төрағасы, мемлекеттік қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімовтың «Егемен Қазақстан» республикалық газетінде сұхбат материалдар жарияланды. Іс-шаралар «Jambyl TV», «МТРК» телеарналарында көрсетілді. Жоба тақырыбы бойынша мақалалар Жамбыл, Маңғыстау және Қостанай, Қызылорда, Атырау облыстарының газеттерінде жарияланды. Халықаралық конференция қорытындысы бойынша «Егемен Қазақстан» газеті конференция туралы «Қоғам дертімен ымырасыз күресу керек» «Әділетті қоғам қайтсе орнайды?» атты материалдары жарияланды.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру үшін қоғамда, білім беретін ұйымдарда құқыққа байланысты кешенді шараларды жүргізу маңызды.

**Қабдулла АЛИЕВ,**  
**«ЖАҢАРУ» РҚБ**  
**Орталық аппаратының**  
**жетекшісі**

## Новые механизмы гражданского участия в противодействии коррупции

В современном обществе, где демократические принципы становятся все более актуальными, внедрение общественного контроля в систему государственного управления является одной из ключевых задач. Общественный контроль предполагает участие граждан в процессе принятия решений, оценке деятельности органов власти и контроле за их работой.

Общественный контроль - важный инструмент для обеспечения прозрачности и подотчетности в государственных расходах, в том числе через систему государственных закупок. Этот процесс помогает не только снижать уровень коррупции, но и повышать эффективность управления государственными средствами.

Концепцией антикоррупционной политики на 2022-2026 годы основополагающим звеном определено выявление



и минимизация коррупционных рисков, причин и условий их возникновения.

Принятие Закона «Об общественном контроле» стало шагом в сторону развития механизмов участия граждан в контроле за использованием государственных средств.

Каждое пятое коррупционное преступление в нашей стране напрямую связано с госзакупками. Только в текущем году через закуп прошло свыше 15 трлн тенге. Эти цифры подчеркивают значимость вовлечения граждан в такие про-

цессы, как правило, это совершеннолетние лица, не состоящие на учете.

На портале госзакупок можно встретить ряд примеров, где средства расходуются неэффективно. Это возможно связано с отсутствием должного контроля за проведением закупок, недостаточной прозрачностью, а также рядом юридических и организационных проблем, которые, в том числе мешают гражданам и общественным организациям вовлечься в процесс мониторинга.

Примеры эффективного общественного контроля можно наблюдать в различных странах, где независимые организации и инициативные группы следят за расходованием бюджетных средств и реализацией государственных программ. Это создает атмосферу доверия между властью и обществом, а также способствует более рациональному использованию ресурсов.

Общественные активисты и организации играют важную роль в процессе мониторинга связанных с расходованием бюджетных средств. Внедрение общественного контроля способствует повышению качества принимаемых решений. Граждане, обладающие опытом и знаниями в определенных областях, могут вносить ценные предложения и замечания, основанные на реальных потребностях общества. Это позволяет органам власти более эффективно реагировать на запросы населения и разрабатывать программы, которые действительно соответствуют интересам граждан.

Важность общественного контроля заключается в том, что он позволяет не только выявлять нарушения, но и предотвращать их на ранних стадиях.

Закон стал значимым шагом на пути усиления гражданского участия в

контроле за использованием государственных средств. Однако внедрение общественного контроля не лишено трудностей. Одной из основных проблем является недостаток информации о деятельности государственных органов. Для эффективного контроля гражданам необходимо иметь доступ к достоверной и актуальной информации. Также существует риск манипуляций со стороны отдельных групп интересов, что может искажать объективную картину и приводить к конфликтам. Зачастую, это препятствует гражданам выявлять несоответствия и коррупционные схемы.

В заключение, внедрение общественного контроля в систему государственного управления является важным шагом на пути к демократизации и улучшению качества жизни граждан. Это не только способствует повышению подотчетности и

прозрачности власти, но и укрепляет гражданское общество. Успешная реализация этой идеи требует совместных усилий государства и общества, направленных на создание эффективной и открытой системы управления, отвечающей интересам всех граждан.

Важно продолжать совершенствовать законодательство, чтобы обеспечить более высокий уровень вовлеченности граждан в общественный контроль.

Как отметил Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев: «Граждане должны принимать активное участие в процессах, которые касаются их благосостояния и будущего страны. Только вместе мы можем построить справедливое и ответственное общество».

**Игорь ПЛУСНИН,**  
**директор**  
**Акмолинского**  
**областного филиала**  
**РОО «ЖАҢАРУ»**



# ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Бұл мақалада оқу-ағарту саласындағы тәрбие жұмысының теориялық және практикалық негіздері қарастырылады. Тәрбие жұмысы білім беру жүйесінің маңызды элементі ретінде оқушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етудің негізгі құралы ретінде талданған.

Мақалада тәрбие жұмысының мазмұны мен әдістері, оның ұлттық құндылықтар мен заманауи педагогикалық технологияларға негізделуі қажеттігі сипатталады. Сондай-ақ, тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру үшін оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар және қоғам арасындағы ынтымақтас-тықтың рөлі ерекше атап өтіледі. Қазақстандағы және шетелдердегі авторлардың тәрбие жұмысының көзқарастары қарастырылды. Мақала тәрбие жұмысының болашақ бағыттарын айқындауға, оның ішінде оқушылардың тұлғалық дамуы мен қоғамда белсенді азаматтық позициясын қалыптастыруға арналған ұсыныстар береді.

Мектеп - жас ұрпақты білім берумен қатар, тәрбие арқылы рухани, адамгершілік, әлеуметтік және мәдени тұрғыда дамытуға бағытталған негізгі орта. Тәрбие жұмысы тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін оқу-ағарту жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. XXI ғасырдың білім беру жүйесінде оқушылардың интеллектуалдық және эмоционалдық қажеттіліктерін қанағаттандырумен қатар, олардың моральдық және әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыруға ерекше мән беріледі.

Оқушының дамуында мектептің іргелі маңызы бар – бұл өзгермейтін шындық. Мектеп – мемлекеттің болашақ игілігінің кепілі. Адамзаттың жер бетіндегі ең маңызды, ең жауапты, ең қажетті және ең қиыны – бала тәрбиесі – ұстаздар мен ата-аналардың мойнына жүктелген. Адамды тәрбиелеу жолдары сан алуан және алуан түрлі екенін айту керек. Бірақ тәрбиенің өзегі мен негізі адамның рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруі болуы керек екені анық.

Тәрбие барлық уақытта, барлық халықтар үшін қоғамның рухани өмірінің ең маңызды құбылысы. Адамзат қоғамының өмірін тәрбиесіз елестету мүмкін емес, өйткені оның мақсаты жинақталған білім мен өмір тәжірибесін ұрпақ-



тан ұрпаққа беру. Демек, тәрбие жалпыға бірдей, мәңгілік категорияға жатады. Тәрбиенің мәнін анықтау – қоғам өзінің әлеуметтік көзқарастары негізінде сипаттайтын ең көптен бері келе жатқан мәселелердің бірі.

Мектептегі тәрбие жұмысы оқу-ағарту жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде балалар мен жасөспірімдердің үйлесімді дамуына ықпал етеді. Тәрбиелік іс-шаралар жүйелі түрде және кешенді түрде жүзеге асырылғанда, оқушылардың адамгершілік қасиеттері, ұлттық сана-сезімі, әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасады. Оқу-ағарту саласындағы тәрбие жұмысы – болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі басты құрал болып қала береді.

Қазақстандағы мектептегі тәрбие жұмысы өзінің тарихи тамырларынан бастау алып, әртүрлі кезеңдерде өзгерістерге ұшырады. Қазіргі уақытта бұл жұмыс құндылықтар мен заманауи талаптарды үйлестіре отырып жүзеге асырылуда. Ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік жұмыстар бұл бағыттың тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Қазақстандағы мектептегі тәрбие жұмысы мәселесін зерттеген ғалымдар білім беру және педагогика саласында маңызды рөл атқарды. Олар ұлттық тәрбие идеяларын ғылыми негіздеуге, педагогикалық әдістемелерді жетілдіруге және тәрбие жұмысының мазмұнын заман талаптарына бейімдеуге үлес қосты.

Мектептегі тәрбие жұмысының негізгі мақсаты белсенді өмір сүруге, азаматтық өзін-өзі анықтауға және жағдай жасау, өзін-өзі жүзеге асыру, мектеп оқушыларының интеллектуалдық, мәдени және адамгершілік дамуына қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру.

Тәрбие жұмысының негізгі міндеттері, ең алдымен жеке тұлғаның жетекші интегративті қасиеттерін қалыптастыруға жағдай жасау. Бастауыш, орта және орта мектеп түлектерінің үлгілеріне сәйкес тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру. Мектептің білім беру кеңістігін дамыту. Мектеп ұжымындағы демократиялық үдерістерді одан әрі дамыту. Әр оқушының жеке басының өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге негізделген әлеуметтік шыңдалуы. Қойылған міндеттер негізінде мектептің тәрбие жұмысының келесі бағыттары анықталды:

Азаматтық-патриоттық тәрбие. Бұл бағыттың мақсаты – азаматтық-патриоттық сананы қалыптастыру, Отан тағдырына араласу сезімін дамыту, өз еліне деген мақтаныш сезімін сақтау және дамыту. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды, оқушыны ұлтжанды, елжанды азамат етіп тәрбиелеу, елдің мемлекеттік мүдделерін қорғау, зорлық-зомбылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын бұзуға теріс көзқарасты тәрбиелеу.

Жыл сайын бұл бағытта педагогикалық ұжым ауқымды жұмыстар жүргізеді: Қазақстан Республикасының рәміздері мен атрибуттарына құрмет (оқушылар апта сайынғы мектеп жиналыстарында және дәстүрлі мерекелерде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындайды, тақырыптық әңгімелер мен викториналарға қатысады) дәстүрлі мектептегі іс-әрекеттер арқылы Отанға, туған мектепке деген сүйіспеншілікті ояту.

Адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру. Бүкіл оқу жылы бойына мектептің негізгі дәстүрлері сақталып, оқу-тәр-

бие жұмысын қызықты, мазмұнды іс-шаралармен толықтырады. Олардың қатарында ұстаздар күніне арналған іс-шаралар, күзгі мерекелер, жаңа жылдық ертеңгіліктер мен кештер, 8 наурыз халықаралық күніне, соңғы қоңырау мерекесіне арналған іс-шаралар, «Бастауыш мектеппен қоштасу!» шаралары және т.б. Оқушылардың жеке тұлғасын дамытуда мектеп тұлғаның рухани қалыптасуына, шығармашылық бейімділіктерін, қабілеттерін, дарындарын дамытуға ықпал ететін эстетикалық тәрбиеге үлкен рөл атқарады. Әр оқу жылында мектептің негізгі дәстүрлері сақталып, оқу-тәрбие жұмысын қызықты, мазмұнды іс-шараларға толтырды. Олар: Күз мерекесі, 8 наурыз «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды!», Наурыз мейрамы, Денсаулық күндері, Соңғы қоңырау мерекесі, «Қоштасу мерекесі, мектеп бітіру кеші».

Ұлттық тәрбие. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға тұлғалық бағыттылық, ана тілі және мемлекеттік тілдерге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностарына құрметпен қарау. Жүргізілетін іс шаралар: сыныптарға жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды оқу пәндеріне кіріктіру, қосымша білім беру, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында іс-шаралар, Қазақстан Республикасының рәміздерін, мемлекеттік тілді, қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін, Қазақстан тарихын, өлкетану пәндері бойынша фестивальдар мен байқаулар өткізіледі.

Отбасы тәрбиесі. Отбасы тәрбиесінің мақсаты – өмірде кездесетін қиындықтар мен кедергілерді адекватты түрде жеңуге көмектесетін тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру. Интеллект пен шығармашылық қабілеттерін, алғашқы еңбек тәжірибесін, адамгершілік-эстетикалық қалыптасуын, эмоционалдық мәдениетін және балалардың дене саулығы, олардың бақыты – мұның бәрі отбасына, ата-анаға байланысты және мұның бәрі отбасы тәрбиесінің міндеттерін құрайды. Барлық тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі отбасымен тығыз қарым-қатынас болып табылады. Мектеп оқушыларын тәрбиелеуде ата-аналар мен мұғалім-

дер арасындағы қарым-қатынастың негізгі тәсілдері ата-аналар конференцияларын, сынып және мектеп жиналыстарын, жеке жиналыстарды, консультацияларды, дөңгелек үстелдерді, ата-аналар мұғалімдермен байланыса алатын немесе кеңес ала алатын телефон желісін ұйымдастыру.

Мектепте ата-аналармен тұрақты жұмыс жүргізіледі. Мектеп өміріне қатысу үшін жалпы мектептік және сыныптық ата-аналар комитеттерін жұмыс істейді. Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қызмет ұйымдастырылған. Бірқатар ата-аналар мен оқушылардың бірлескен әлеуметтік маңызды іс-шаралары ұйымдастырылады.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Мектепте еңбек тәрбиесіне де көп көңіл бөлінеді. Бұл бағыттың іргелі идеясы – жүйелі, бірлескен, сындарлы, шығармашылық, әлеуметтік маңызы бар жұмыс. Мектеп алаңында балалардың өздері отырғызған гүл бақшасы бар. Түрлі, көп еңбекті қажет ететін іс-шараларды (сыныптарды тазалау, мұғаліммен бірге мектеп жиһаздарын жөндеу, мектеп аумағын және іргелес аумақтарды тазалау және т.б.) ұйымдастыру арқылы педагогикалық ұжым болашақ жас ұрпаққа мұндай тәрбиенің пайдасын түсінеді. Мектеп оқушылары «Таза мектеп ауласы», «Таза қала көшелері», «Құстар үйі» акцияларына және «Ең көп» байқауына үнемі қатысады.

Жыл сайын мамыр айында мектепте мектеп аумағын абаттандыру және көгалдандыру үшін «Жасыл патруль» жасақтары құрылып, жазғы маусымда өз жұмыстарын ұйымдастырады. Бұл іс-шара экологиялық білім беруде маңызды рөл атқарады.

Интеллектуалдық тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу. Мектептің педагогикалық ұжымы әрбір оқушының жеке тұлғасын жан-жақты дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға ұмтылады. Сабақта, оқу іс-әрекетінде пән мұғалімдері оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырады.

Оқушының интеллектуалдық тәрбиесі – бүгінгі күннің шындығы мен болашақтың талабынан туындайтын объективті қажеттілік. Бүгінгі таңда өскелең ұрпақтың интеллектуалдық мүмкіндіктерін жан-жақты дамытуға жағдай жасаған елдер экономикалық және мәдени бәсекелестікте

жеңімпаз болып табылады. Соңғы жылдары елімізде интеллектуалдық даму мен білім беру мәселесіне көп көңіл бөлінуде.

Мақсаты: әрбір жеке тұлғаның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сонымен қатар ақпараттық мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Дене тәрбиесі. Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастырады. Қазіргі таңда оқушылардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі. Дарынды оқушылардың салауатты өмір сүруіне жағдай жасау мектептік денсаулық саясаты – бұл салауатты өмір салты. Жыл бойы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, жолдастық кездесулер, Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» денсаулық күнін, «Отбасылық эстафеталық ойындар», «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастырады, Сынып жетекшілер мен педагог-ұйымдастырушылар «Дұрыс тамақтану-здік білім алудың жолы!», «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?», «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» денсаулық сабақтарын, Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай сынып сағаттарын өткізеді.

Тәрбие жұмысының жүйесі – әлеуметтік жүйе. Оның өзегін адамдар және олардың қажеттіліктері, мотивтері, мүдделері, құндылық бағдарлары, әрекеттері, қарым-қатынастары құрайды. Өйткені, білім беру жүйесі адамның жеке тұлғасының қоғамда өмір сүру және еңбек ету, әлеуметтік рөлдерді менгеру және орындау, табиғи және әлеуметтік шындықты түрлендіру қабілеттерін дамыту үшін ерекше жағдайлар жасаудың әлеуметтік қажеттілігімен шартталған.

**Ермек БӨРІБАЕВ,**  
**«ЖАҢАРУ» РҚБ Жетісу**  
**облыстық филиалының**  
**директоры, заң**  
**ғылымдарының**  
**докторы**



## Жоғары оқу саласындағы тәрбие жұмысы

Президент Қ.К. Тоқаев: Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айырықша маңызды. Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Осы орайда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру - қоғамдағы паракорлықты жою жолындағы маңызды қадам, - деп атап өтті.

Тәрбие тал бесіктен басталады, - дегендей, алғашқы қадам от басынан басталып, балабақша, мектеп, жоғары білім ордаларында жалғасады. Мемлекет басшысы Түркістан қаласында өткен «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты екінші Ұлттық құрылтайда «Мектеп - білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің де ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарын сіңіру - ұстаздардың міндеті» деген болатын. Білім мен тәрбие тығыз байланысты.

Ал жоғары білім саласы - еліміздің зияткерлік әлеуетін арттырудың негізгі көзі. Жаһандану заманында цифрландыру, инновация жасанды интеллект қоғамның барлық салаларына кеңінен енуде. Осы орайда, жастарға мамандықтар бойынша тәжірибе алмасу, стартаптар құру, иннова-



циялық жобаларды іске асыру, жаңа технологияларды меңгеру және өндіріске еңгізу - бәсекеге қабілетті маман даярлау ісінде маңызды іс-шаралардың бірі болып саналады.

Ғалымдар мен студенттердің ғылыми жетістіктері, озық шығармашылық табыстары «ӘКСПО-2017» Халықаралық көрмесінде, «Архимед-2018» ХХІ Мәскеу халықаралық өнертапқыш және инновациялық технологиялар көрмесінде, Алтын және Күміс медальдарға ие болды. Талантты жастарымыз Катар, Индия, Ресей, Египет мемлекеттерінде өткен робототехника саласындағы конкурста жүлделі орындарға ие болды. Білім ордасының 118-ден астам студенттері Ресей мемлекетіндегі Дубна университетінде тегін білім алу, магистрлік және кандидаттық диссертация қорғау мүмкіндіктеріне ие болды.

Жоғары білім ордасында жастарды тәрбиелеу ісінде оқытушы-профессор құрамының маңызы

зор. Олар оқу-әдістемелік және ғылыми ақпаратты таратып қана қоймай, болашақ мамандардың кәсіби мәдінетін қалыптасуына оң ықпал етеді. Университет оқытушысының кәсіби, азаматтық және патриоттық міндеті - өскелең ұрпаққа саналы тәрбие беру, ғылым мен білімді ұштастыра отырып, ұлттық құндылықтарымызды жастардың бойына сіңіру, болашаққа даярлау. Тәрбие жұмысын табысты ұйымдастыруда Студенттік өзін-өзі басқару ұйымы, Студенттік парламент, ректораттың алатын орыны ерекше.

Жоба аясында «ЖАҢАРУ» сыбайласқа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ төрағасы, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жанындағы Қоғамдық кеңес мүшесі М.З.Семғалиев, Қазақстанның 100 жаңа есімінің иегері, ҚР маслихаттарының құрметті депутаты, ҚР Ұлттық инженерлік ғылым академиясының вице-президенти, академик А.С. Айтимов, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Абзал Құспан және т.б. танымал тұлғалармен, облыстық департамент басшылары, бірнеше мәрте Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялар жүйелері университетінің, Республикалық жоғары техникалық және Халықаралық цифрлық технология, құқық және сәулет колледжаларының студент-

терімен, сонымен бірге Орал қаласындағы 5517 әскери бөлімнің сарбаздарымен кездесіп дәрістер оқып, тәжірибелерімен бөлісті. Жастарға тәрбие беруде «Жауынгерлік даңқ» мұражайы, Әділет генерал-майоры, КСРО ІІМ еңбек сіңірген қызметкері Р.Е.Қайдаров атындағы «Оқу-криминалистика орталығында» маңызы өте зор.

Криминалистік оқу орталығы криминалистикалық аудиториялардан, сот отырысы залынан, сот сараптамасы мен медиация кабинеттерінен тұрады.

Болашақ заңгер мамандарымыз тергеу әрекеттерін жүргізудің техникалық құралдар мен тактикалық тәсілдерді қолданудың практикалық дағдыларын меңгереді, сот-медициналық сараптама, жедел-іздістіру практикалық дағдыларын пысықтау, тергеу әрекетінің барысы мен нәтижелерін тіркеу және бастапқы кезеңде тергеуді жоспарлау әдістерін үйренеді. Сонымен бірге олардың криминалистика, азаматтық, қылмыстық процестік құқығы, сот сараптамасы, қылмыстық құқық, жедел-іздістіру қызметінің теориясы сияқты пәндер танысады.

Криминалистік оқу орталығына Қазақстан Республикасы Генералдар Кеңесі Президиумының мүшелері басшылық жасайды. Бұл жастарды Отан қорғауға, конститу-

циялық міндеттерін абыроймен атқаруға зор ықпалын тигізуде. Көптеген студенттеріміз берілген мүмкіндіктерге қарамастан өз еріктерімен Отан алдындағы борышын өтеуде және өтеуге тілек білдіруде.

Жалпы жастар үшін саяси және құқықтық сауаттылық - Отан мен қоғам алдындағы конституциялық міндеттерін мінсіз орындауға, ұлттық және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі басты факторлардың бірі болып саналады.

Сонымен бірге мақсаты - белсенді азаматтарды, қоғамдық бірлестіктерді, жеке және квазимемлекеттік сектор субъектілерін, сондай-ақ басқа да ұйымдарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға ерікті ретінде тарту болып табылатын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасы студенттер арасында үлкен қолдау тапты.

Жоба аясында ерікті студенттер қоғамдық бақылау, мониторинг жүргізу мүмкіндіктеріне ие болды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы зерттеу және ағарту жұмыстарын іске асыра отырып, сыбайлас жемқорлық проблемаларын алдын алу бойынша ұсыныстар әзірлеу, Pro bono волонтерлік бағытында заң факультетінің студенттері тегін құқықтық көмек көрсету жұмыстарын қолға алды. Мақсаты - сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылуын

бағалау бағытында құрылған азаматтық қоғам өкілдерінің арнайы мониторингтік топ құрамына енді. «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ Батыс Қазақстан облыстық филиалы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік жоба мүшелері мобилдік топ құрамында Бөрлі, Шыңғырлау, Ақжайық, Жаңақала аудандарында тұрғындарға заңгерлік кеңес беріліп, арыз-өтініштері қабылдады. Қоғамда құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдінетті қалыптастыру, жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бағытында жүргізілген іс-шаралардың 2023 жылдың қорытындысы бойынша, университет жастары ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Батыс Қазақстан облыстық департаментінің Жыл Үздігі номинациясына ие болды, Алғыс хатпен марапатталды.

Біздің мақсатымыз бүгінгі қоғамды ұлттық болмысымыздан алыстатпай, құқықтық сауаттылықты, тәрбиені, сананы жетілдіру болып саналады.

**Алиби БАЯХОВ,**  
**«Жаңару» РҚБ**  
**Батыс Қазақстан**  
**облыстық филиалының**  
**директорының**  
**орынбасары, ауыл**  
**шаруашылығы**  
**ғылымдарының**  
**докторы**

## Жастар құқық қорғау органдарына сенім деңгейін арттыру мәселесі

Құқық қорғау органдарының қоғамдағы рөлі маңызды, өйткені олар заңның сақталуын қамтамасыз етіп, азаматтардың қауіпсіздігін қорғайды. Алайда, соңғы жылдары жастар арасында құқық қорғау органдарына деген сенімнің төмендеуі байқалауда. Бұл мәселе қоғамда бірқатар теріс пікірлер мен арандатушы ақпараттардың таралуына байланысты туындайды. Жастардың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыру - бүгінгі таңда өзекті міндеттердің бірі. Осы тұрғыда «Жаңару» республикалық қоғамдық бірлестігі (РҚБ) жастармен жұмыс жүргізіп, бұл мәселені шешуге өз үлесін қосуда.

Жастар арасында құқық қорғау органдарына деген сенімнің төмендеуіне бірнеше факторлар әсер етуде. Біріншіден, ақпараттық кеңістікте құқық қорғау органдарының жұмысындағы кемшіліктер мен заңсыздықтар туралы жиі айтылып,



бұл жастардың көңілінде күмән тудырады. Әлеуметтік желілерде және БАҚ-та құқық қорғау органдарының қызметкерлері туралы теріс ақпараттардың таралуы да бұл жағдайды одан әрі ушықтырады. Екіншіден, кейбір жастардың құқық қорғау органдарымен қарым-қатынаста әділетсіздікке ұшырағандары туралы мәліметтер де сенімнің төмендеуіне ықпал етеді. Бұл жағдайлар жеке тәжірибе немесе әлеуметтік ортада байқалатын құбылыстардың әсерінен пайда болады. Жас-

тарға құқық қорғау органдарының ашық, әділ және кәсіби жұмыс істейтініне сенім арттыру қажет.

Жаңару РҚБ жастардың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыру үшін түрлі бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруда. Бірлестік жастармен жұмыс жүргізу барысында құқық қорғау органдары мен жастар арасындағы диалогты жақсартуға, сенім деңгейін арттыруға бағытталған маңызды шараларды қолға алуда. Жастар арасында құқықтық білім беру бағдарламаларын жүзеге асырып келеді. Бұл бағдарламалар жастардың құқықтары мен міндеттерін түсінуіне, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметі мен міндеттерін дұрыс бағалауға көмектеседі. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру - сенімді арттырудың маңызды құралы. Жастар құқық қорғау органдарының қызметін түсінген кезде, олардың қызметіне деген сенім дең-

гейі де жоғарылайды.

Жаңару РҚБ құқық қорғау органдарының ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қолдайды. Бұл үшін құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесулер, жастарға арналған ашық есік күндері ұйымдастырылады. Мұндай кездесулер арқылы жастар құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің кәсібилігі мен адалдығын көруге мүмкіндік алады. Сонымен қатар,

«Жаңару» РҚБ жастар мен құқық қорғау органдары арасындағы диалогты күшейту үшін түрлі алаңдар ұйымдастырады. Бұл алаңдар жастар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері арасында ашық пікірталас жүргізуге мүмкіндік береді. Мұндай шаралар жастардың құқық қорғау органдарының қызметіне деген сенімін арттырып, олардың құқық қорғаушылармен өзара қарым-қатынасын жақсартады.

Әлеуметтік желілерде

құқық қорғау органдарының жұмысы туралы ақпарат тарату. Жаңару РҚБ әлеуметтік желілерде және басқа да ақпараттық алаңдарда құқық қорғау органдарының қызметі туралы дұрыс және ашық ақпарат таратуды қолдайды. Бұл қадам жастарға құқық қорғау органдарының жұмысын түсінуге көмектеседі, оларды объективті ақпаратпен қамтамасыз етеді және теріс пікірлердің алдын алады.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің моральдық-этикалық деңгейін көтеру. Жаңару РҚБ құқық қорғау органдарының қызметкерлерін үздіксіз оқыту және олардың моральдық-этикалық деңгейін арттыру шараларын ұсынады. Бұл құқық қорғаушылардың жастармен жұмыс жасаудағы тиімділігін арттырады. Әрбір құқық қорғаушының өз міндетіне адал, әділ және кәсіби болуы олардың жастар арасында сенім қалыптастыруға ықпал етеді.

Жастар арасында құқық қорғау органдарына деген сенімді арттыру - кешенді және көп қырлы жұмыс. «Жаңару» РҚБ жастармен тығыз жұмыс жасап, құқық қорғау органдарының қызметіне деген сенімді арттыру үшін түрлі шаралар мен бағдарламаларды жүзеге асырып келеді. Құқық қорғау органдары мен жастар арасындағы сенімділікті арттыру үшін ақпарат ашықтығы, құқықтық білім беру, кәсіби даму және диалог алаңдарын құру сияқты тиімді механизмдерді қолдану қажет. Бұл шаралар жастардың құқық қорғау органдарына деген көзқарасын өзгертуге, олардың қоғамдағы құқық қорғау қызметіне деген сенімін арттыруға бағытталған.

**Асқар ЖАБАЕВ,**  
**«ЖАҢАРУ» РҚБ**  
**Қостанай облыстық**  
**филиалының**  
**директоры**



